**Бекітемін:**
«Айяна» жеке мектепке дейінгі
білім беру мекемесінің
меңгерушісі ______ Ж.Т.Рысбекова

**Тақырыбы: «“Ы” дыбысы»**
(Болашақ мектепалды тобының ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті)
15.05.2025жыл






**Өткізген:** қазақ тілі маманы Даулеткалиева А.С

**2024-2025 оқу жылы**

**Тақырыбы:** «“Ы” дыбысы»
**Мақсаты:**

- Көктем мезгілінің белгілерімен танысу, сөздік қорын молайту.
- “Ы” дыбысы мен әрпін танып, сөз ішіндегі орнын анықтау.
- Топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

**Қажетті құралдар:**

- “Ы” дыбысына арналған карточкалар (суреттермен)
- Көктем мезгіліне арналған көрнекіліктер (гүлдер, күн, құстар, жауын, т.б.) слайд
- Дидактикалық ойынға арналған суреттер
- Әр балаға жеке тапсырма парағы

**Ұйымдастыру кезеңі:**
**Шаттық шеңбері (өлең айту):**
Көктем келді күлімдеп,
Күн нұрына бөлендік.
Гүлдер ашып, құстар кеп,
Шаттықпен біз өрендік!
(Балалар бір-біріне жылы сөз айтып, көңіл-күймен бөліседі.)
**Негізгі бөлім:**
1. Әңгімелесу: «Көктем деген не?»
Сұрақтар:
- Суретте қандай мезгіл бейнеленген? (көктем мезгілі)
- Көктемде не келеді? (Күн келеді, құстар келеді, гүлдер өседі.)
- Көктемде күн қандай болады? (Күн жылы болады.)
- Көктемде не өседі? (Гүлдер, шөптер, ағаштар өседі.)
- Құстар көктемде не істейді? (Қайтып келеді, ұя салады, ән салады.)
- Көктемде адамдар не істейді? (Жер жыртады, гүл егеді, серуендейді.)
- Көктемде қандай өзгеріс болады? (Қар еріп, жаңбыр жауады, ағаштар бүршік жарады.)

**«Алфавит»** әдісі арқылы тәрбиеленушілерге өткен әліппе бойынша әріптерді еске түсіру. Балалар көрсетілген әріптерді атайды, сол әріптен басталатын сөз айтады. Нн, Сс,Аа, Рр

- 


Жаңылтпаш:
«Ыдыста ыстық ырыс бар,
Ынта қойсаң, үлесің бар!»
Балалар қайталайды, жаттайды.
**Жаңаны ашу**
«Ы» дыбысымен танысу:

- «Ы» әрпін көрсету (баспа және жазба түрі)
- «Ы» дыбысы бар сөздер айту: ырғай, ыстық, ыдыс, ырыс, қыстық.

- Ы дыбысын айтамыз: ы-ы-ы-ыыы.
- Ы дыбысы дауысты дыбыс. Дауысты дыбысты белгілейміз.

**Ыы әрпінің жазылуын есіңе сақта!**
[***https://devs.balatili.kz/uploads/html/df46ed13a0aaf0f717427d805d33984b/story_html5.html***](https://devs.balatili.kz/uploads/html/df46ed13a0aaf0f717427d805d33984b/story_html5.html)
***https://www.youtube.com/watch?v=wGVIi91awRY***
- Ы дыбысын ауада жазамыз. Бұл Ы дыбысының таңбалануы Ыы әрпі болады.




***«Дыбысты естиміз, әріпті көреміз және жазамыз».***
Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру.




**3. Жеке тапсырма:** «Wordwall» қосымшамы арқылы тапсырма орындайды.
[**https://wordwall.net/ru/resource/79620075/әліппе-ы-әріпі-және-дыбысы**](https://wordwall.net/ru/resource/79620075/әліппе-ы-әріпі-және-дыбысы)

**Сергіту сәті:**
Қимылмен орындау:
«Ритмикалық сергіту жаттығуы, таяқшалардың көмегімен» Келіншек күйі
**Дидактикалық ойын:** «Сөз ішінен Ы дыбысын іздейік!»
Мақсаты:

- «Ы» дыбысын сөз ішінде табуға үйрету
- Сөздік қорын молайтып, ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту

Ойын барысы:

- «Ы» дыбысы бар суреттер (мысалы: күн, бұлт, гүл, жаңбыр, қар, құс, ыдыс, ырыс, шыбын, қырыққабат т.б.) жасырылады.
- Әр суреттің артына сөз жазылады немесе дыбыссыз қалдырып, баланың өзінен айту сұралады
- «Ы» дыбысы бар және жоқ сөздер араласа беріледі
- 2 түрлі себет немесе конверт: бірі «Ы бар» сөздерге, екіншісі «Ы жоқ» сөздерді жинайды.

**Қорытындылау:**
«Көңілді орындықтар»

- Ортаға орындықтардан шеңбер жасалады.
- Балалар орындықты айналып, педагог нұсқауын орындайды.
- Педагог дыбыстарды айтып, ы дыбысын естігенде балалар орындыққа отырады.

**Рефлексия.**
Балаларды мадақтау, смайликтер беру.
**Күтілетін нәтиже:**

- Балалар “Ы” дыбысын дұрыс таниды, сөздегі орнын анықтайды.
- Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айтып бере алады.
- Шығармашылық тапсырмаларды орындай алады (жеке және топпен).
- Диалог пен еркін сөйлеу қабілеттері дамиды.